



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 12 қарашадағы N 3746. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.06.26. N 643 Жарлығымен. ~U010643

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 U952694_ Конституциялық заң күші бар Жарлығының 55-бабының 5-тармағына с ә й к е с қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп о т ы р) .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 12 қарашадағы
N 3746 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар туралы ЕРЕЖЕ I. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес осы Ереже тәртіптік алқалардың мәртебесін, құрылуы мен қызмет тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар Қазақстан Республикасының судьяларына қатысты тәртіптік істерді карау жөніндегі органдар болып табылады

және оларға тәртіптік жазалар қолдану құқығына ие болады.

3. Тәртіптік алқалар өз қызметінде судьялардың сот төрелігін атқару кезіндегі тәуелсіздігі принципін сақтайды.

II. Тәртіптік алқалардың құрылу тәртібі мен олардың өкілеттігі

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы Жоғарғы Соттың пленумда Қазақстан Республикасының судьялары ішінен жасырын дауыспен екі жыл мерзімге сайланады.

5. Облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар облыстар мен оларға теңестірілген әкімшілік-аумақтық бірліктер судьялары мен әскери судьялардың конференцияларында облыстық, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттар судьялары ішінен жеті адам мөлшерінде жасырын дауыспен үш жыл мерзімге сайланады.

Судьялар конференциясын облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары шақырады.

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, сондай-ақ осы соттардың сот алқаларының төрағалары тәртіптік алқалардың құрамына сайлана алмайды.

7. Тәртіптік алқалар құрамына ұсынылатын судьялар жоғары кәсіптік біліктілігімен, принциптілігімен ерекшеленуі, заң жұртшылығы арасында беделді болуға тиіс.

8. Тәртіптік алқалардың құрамына енетін судьялар алқа отырыстары өткізілетін уақытқа қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады.

9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар өздерін сайлаған органдар алдында жылына кемінде бір рет және өкілеттік мерзімі аяқталған кезде есеп береді.

Тәртіптік алқа мүшелерінің бірі одан шыққан жағдайда осы Ережеде белгіленген тәртіппен бұл тәртіптік алқа өкілеттігінің қалған мерзіміне қосымша сайлау жүргізледі.

10. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына, облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағаларына, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалардың төрағаларына, осы соттардың сот алқаларының төрағаларына қатысты тәртіптік істерді, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалардың шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды.

Облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар облыстық және оларға теңестірілген соттар судьяларына, сондай-ақ аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттар төрағалары мен судьяларына, сот учаскелерінің аға судьяларына қатысты тәртіптік істерді қарайды.

III. Тәртіптік алқа жұмысын ұйымдастыру және тәртіптік істерді қарау мерзімдері

11. Өз жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін тәртіптік алқа өзінің құрамынан ашық дауысқа салу арқылы төраға мен хатшыны сайлайды.

Тәртіптік алқаның төрағасы мен хатшысы нақ осы тәртіппен өз міндеттерін атқарудан босатылуы мүмкін.

Міндеттерін атқарудан босатуға мыналар:

1) тәртіптік алқаның отырысында тәртіптік істерді қарауды тағайындау мерзімін бұзу;

2) тәртіптік алқа отырыстарының шешімдері мен хаттамаларын уақтылы ресімдемеу;

3) өзіне қатысты тәртіптік іс қаралған судьяға және тәртіптік іс қозғаған лауазымды адамға олар шешімге шағым жасаған жағдайда шешімдерді беру мерзімін бұзу;

4) шешімге шағым жасалған жағдайда тәртіптік істерді Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының қарауына жіберу мерзімін бұзу;

5) алқа төрағасы мен хатшысының жеке қалауы негіз болып табылады.

12. Тәртіптік алқаның төрағасы:

тәртіптік алқаның жұмысын ұйымдастырады;

алқа отырысының күнін, уақыты мен өткізілетін орнын белгілейді;

алқа мүшелері ішінен баяндамашыны белгілейді;

алқа отырыстарында төрағалық етеді;

осы Ережеде белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13. Тәртіптік алқаның төрағасы болмаған жағдайда оның уәкілдік беруімен төрағаның міндеттерін алқа мүшелерінің бірі атқарады.

14. Тәртіптік алқаның хатшысы:

тәртіптік істерді есепке алуды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;

тәртіптік іс жүргізуде алқа отырысына оның мүшелерінің және тараптардың келуін қамтамасыз етеді;

алқа отырысының хаттамасын жүргізеді;

тиісті тәртіптік алқа шешімдерін атқаруға жібереді;

алқа шешіміне шағым жасалған жағдайда тәртіптік істі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты тәртіптік алқасының не Жоғары Сот Кеңесінің

қарауына жібереді.

15. Алқа отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі.

16. Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасы мен облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқаның отырыстары оларда осы алқа мүшелерінің тиісінше төрт және алты мүшесі қатысып отырса, құқылы болып саналады.

17. Тәртіптік іс ол қозғалған күннен бастап бір ай мерзімде қаралуға тиіс. Тәртіптік істі қарау мерзімін бұзу өз-өзінен тәртіптік іс жүргізуді тоқтатуға ә к е п с о қ п а й д ы .

18. Алқа отырысында материалдарды қарау өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған судьяның міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі.

Судья келмеген жағдайда алқа отырысы басқа күнге ауыстырылады. Егер судья қайталап келмеген жағдайда алқа судьяның алқа отырысына қатыспауына дәлелді себептері (сырқаттануы немесе алқа отырысына қатысуға объективті түрде кедергі жасайтын өзге де жағдаяттар) жоқ екенін анықтаса, тәртіптік іс оның қатысуынсыз өткізілуі мүмкін.

19. Тәртіптік іс қозғаған лауазымды адам не оның өкілі, сондай-ақ алқа бастамашылығымен және (немесе) өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған судьяның өтініші бойынша шақырылған басқа да адамдар алқа отырысына қатысуға х а қ ы л ы .

20. Тәртіптік алқа өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін соттардың төрағаларынан, әділет органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларынан, азаматтардан ақпарат сұратып алдыруға хақылы.

Тәртіптік істі қарау басталғанға дейін қосымша тексеру жүргізу қажет болған жағдайда тәртіптік алқа қажеті қосымша құжаттар мен материалдарды, сондай-ақ тәртіптік іс жүргізуді қозғаған лауазымды адамның пікірінше оларды қарау кезінде судья жолсыздықтарға орын берген сот істерін де сұратып алдыруға х а қ ы л ы .

21. Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалардың жұмысын материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісті сотты немесе әділет органын ұстауға бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және тиісінше Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына, Қазақстан Республикасының Әділет министріне, облыстық және оларға теңестірілген әділет басқармаларының б а с т ы қ т а р ы н а жүктеледі.

IV. Тәртіптік істі қозғау негіздері мен тәртібі

22. Судьяға қатысты тәртіптік іс "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 52-бабында көзделген негіздер бойынша қозғалуы мүмкін.

23. Тәртіптік істі қозғауды осыған құқығы бар лауазымды адамдар "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 53-бабына сәйкес жүргізеді.

24. Судьяға қатысты тәртіптік іс бір айдан кешіктірілмей теріс қылық анықталған күннен бастап, қызметтік тексеру мен судьяның дәлелді себеппен жұмыста болмаған уақытын есептемей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей қозғалуы мүмкін.

25. Тәртіптік істі қозғауға құқылы адам іске қатысты жағдаяттар мен мағлұматтарға алдын-ала қызметтік тексеру жүргізеді және өзіне қатысты тәртіптік іс қозғау туралы мәселе шешіліп жатқан судьядан жазбаша түсініктеме талап етеді. Судьяның түсініктеме беруден бас тартуы тәртіптік іс қозғауға кедергі болып табылмайды.

26. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы мен облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасы тәртіптік іс қозғау туралы қаулы шығарады, ал Қазақстан Республикасының Әділет министрі мен әділет басқармаларының бастықтары бұйрықтар шығарады.

Қаулыда, бұйрықта тексеруде анықталған тәртіптік іс қозғау негіздері, судьяның жеке басын сипаттайтын мәліметтер көрсетілуге тиіс.

Қаулы, бұйрық қажетті материалдармен бірге тиісті тәртіптік алқаның қарауына жіберіледі.

27. Тәртіптік іс материалдары тиісті тәртіптік алқаға жіберілгенге дейін бұлармен іс қозғаған судья таныстырылуға тиіс. Бұл орайда судья қосымша түсініктемелер беруге немесе қосымша тексеру жүргізу туралы өтініш жасауға х а қ ы л ы .

28. Тәртіптік іс қозғау туралы қаулыны немесе бұйрықты, оны қозғаған адам тиісті тәртіптік алқа іс қарауды бастағанға дейін кері қайтарып алуы мүмкін.

V. Тәртіптік алқалар отырыстарын өткізу және олардың шешімдер шығару тәртібі

29. Тәртіптік істі қарау төрағалық етуші қатысып отырған тәртіптік алқа мүшелерінің тізімін жариялаудан басталады.

Өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған судья істі қарауды бастардан бұрын алқа

мүшелеріне қарсылық білдіруге хақылы. Қарсылық білдіру туралы мәселені қатысып отырған барлық алқа мүшелері шешеді.

Қарсылық білдіру қабыл алынбаған және кворум болған жағдайда алқа отырысы жалғастырылады.

Кворумның болмауына әкеп соққан қарсылық білдіру қанағаттандырылған жағдайда отырыс кейінге қалдырылады және қатыспаған алқа мүшелерін шақыру үшін шаралар қолданылады.

Қарсылық білдіру туралы мәселе қаралғаннан кейін алқа төрағасы немесе алқа мүшесі тәртіптік іс материалдарын баяндайды.

Егер алқа отырысында тәртіптік іс қозғаған адам немесе оның өкілі қатысып отырса, онда оның судья жасаған тәртіптік теріс қылық туралы хабарламасы тыңдалады.

Осы Ереженің 18-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған судьяның түсініктемесін тыңдау міндетті болып табылады.

Алқа қалауына қарай басқа да адамдардың хабарламалары тыңдалуы және ұсынылған құжаттар мен өзге де материалдардың мазмұны жария етілуі мүмкін.

30. Тәртіптік алқаның шешімі істі қарауға қатысқан алқа мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда өзіне қатысты тәртіптік іс қаралып отырған судьяға қатысты неғұрлым қолайлы шешім қабылданды деп саналады.

Алқа мүшесінің дауыс беруден бас тартуға хақы жоқ.

Шешім жазбаша түрде баяндалады және оған істі қарауға қатысқан алқа мүшелері қол қояды. Дауысқа салу өзіне қатысты тәртіптік іс қозғалған судьяның және отырысқа шақырылған адамдардың қатысуынсыз өткізіледі.

Қабылданған шешіммен келіспеген алқа мүшесі өзінің айрықша пікірін жазбаша түрде жазып бере алады, ол іс материалдарына қосылады.

31. Төрағалық етуші алқа қабылданған шешімді жариялайды және шағым беру тәртібін түсіндіреді.

Тәртіптік іс жөніндегі шешімде мынадай деректер қамтылуы керек:
алқаның атауымен оның құрамы;
істің қаралатын орны мен уақыты;
өзіне қатысты тәртіптік іс қаралған судьяның тегі, аты, әкесінің аты және қызметі;
тәртіптік іс қозғаған адамның қызметі мен тегі;
істің жағдаяттары;

тәртіптік іс қозғаған лауазымды адамның немесе оның өкілінің пікірі (егер ол баяндалған болса);
тәртіптік іс қаралған судьяның түсініктемелері;
өзіне қатысты тәртіптік іс қаралған судьяның жеке басын сипаттайтын мәліметтер;
қолда бар айғақтар көрсетіліп жасалған қорытындының дәлелдемесі;
іс бойынша қабылданған шешім;
шешімге шағым жасау тәртібі.

32. Тәртіптік алқа тәртіптік іс бойынша мынадай:

- 1) тәртіптік жаза қолдану туралы;
- 2) тәртіптік іс жүргізуді тоқтату туралы;

3) тәртіптік іс жүргізу материалдарын судьяны қызметінен босату

туралы мәселе қойып, іс қозғаған лауазымды адамдарға немесе қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жіберу туралы шешімдердің бірін шығарады.

33. Судьяларға қолданылатын тәртіптік жазалардың түрлері "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 52-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленеді.

34. Жазалау жасалған теріс қылықтың ауырлығына, оны жасаған судьяның кінәсінің түрі мен дәрежесіне сәйкес келуі керек.

Тәртіптік жазалау түрі белгіленетін кезде:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) теріс қылық жасалған жағдаяттар;
- 3) жасалған теріс қылыққа әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін салдарлар;
- 4) оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы;
- 5) тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамның судья болып істеген жұмыс стажы;
- 6) судьяның жеке басын сипаттайтын өзге де жағдаяттар ескеріледі.

35. Жасалған әрбір теріс қылық үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.

Алқаның бір отырысында бір судьяға қатысты бірнеше іс қаралған жағдайда оларды қараудың нәтижелері бойынша алқа осы Ереженің 34-бабында көзделген жағдаяттарды ескере отырып, бір шешім

қабылдайды.

36. Алқа тәртіптік іс жүргізуді:

- 1) тәртіптік іс қозғау мерзімі өтіп кеткен;
- 2) тәртіптік іс негізсіз қозғалған жағдайларда тоқтатады.

37. Егер тәртіптік алқа шешіміне сәйкес алдында судьяны босату немесе оған қатысты қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қойылған лауазымды адам бұл үшін негіз таппаса, онда тәртіптік іс қайта қарау үшін нақ сол тәртіптік алқаға қайтарылады. Бұл ретте алғашқы шешім шығарылған күннен бастап материалдар қайтарылғанға дейінгі уақыт тәртіптік жауапкершілікке тарту мерзіміне е с е п т е л м е й д і .

38. Тәртіптік алқа шешімі шығарылғаннан кейінгі екі күн ішінде өзіне қатысты алқа шешімі шығарылған судьяға, тәртіптік іс қозғаған адамға, сондай-ақ судьяның жеке ісіне қосу үшін Әділет министріне және (немесе) тиісті әділет басқармасына беріледі не жіберіледі.

VI. Тәртіптік алқалардың шешімдеріне шағымдану және шағымдарды қарау тәртібі

39. Өзіне қатысты шығарылған облыстық және оған теңестірілген тәртіптік алқаның шешіміне судья, сондай-ақ тәртіптік істі қозғаған адам он күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасына ш а ғ ы м д а н а а л а д ы .

Өзіне қатысты шығарылған Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының шешіміне судья, сондай-ақ тәртіптік іс қозғаған адам Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесіне шағым бере алады.

40. Облыстық және оған теңестірілген тәртіптік алқаның шешіміне

шағымдану мерзімі дәлелді себеппен өтіп кеткен жағдайда Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасы өзіне қатысты осы шешім шығарылған судьяның өтініші бойынша оны қалпына келтіруі мүмкін.

41. Тәртіптік жауапкершілікке тартылған судьяның немесе тәртіптік істі қозғаған адамның шағымы бойынша тәртіптік істі қараған Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының отырысына тәртіптік жауапкершілікке тартылған судья шақырылуы мүмкін.

Тәртіптік іс жөніндегі шағымдар бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

42. Шағым бойынша тәртіптік істі қарау нәтижесінде Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасы мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) шешімді өзгеріссіз қалдыру;
- 2) шешімді өзгерту;
- 3) шешімді жою және тәртіптік істі тоқтату не тәртіптік істі жаңадан қарау үшін нақ сол тәртіптік алқаға жіберу.

VII. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі мен оның алыну тәртібі

43. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 57-бабына сәйкес белгіленеді.

44. Судьяға бірнеше жаза қолданылған жағдайда жазаның мерзімі жөнінен соңғысы қолданылған күннен бастап бір жыл өткенге дейін оның жазасы бар болып саналады.

45. Тәртіптік жазаны оны қолданған тәртіптік алқа тәртіптік іс қозғаған адамның ұсынуы бойынша не өзіне жаза қолданылған судьяның өтініші бойынша мерзімінен бұрын алып тастауы мүмкін.

46. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау туралы тәртіптік алқа тәртіптік істі қозғаған адамға және жазасы алынған судьяға хабарлайды.

VIII. Тәртіптік алқада іс жүргізу

47. Алқа хатшысы тәртіптік алқаның шешімін үш күн мерзімде орындауға жібереді, бұл туралы тәртіптік істе белгі жасалып, бұл жөнінде тәртіптік істерді тіркеу кітабына жазба енгізіледі.

48. Іс жүргізу аяқталған тәртіптік іс тиісінше Жоғарғы Соттың, облыстық және оларға теңестірілген соттардың архивтерінде судьялардың жеке істерін сақтау үшін көзделген мерзім ішінде сақталады.